

# Пайдаланушының нұсқаулығы

## L1520P L1720P

**Қ**ұрылғыны пайдаланар алдында **Маңызды сақтық шаралары** тарауын оқып шығуды ұмытпаңыз. Болашақта пайдалану үшін Пайдаланушының нұсқаулығын (CD) қол жететін жерде сақтаңыз.

**А**ртқы қақпағындағы затбелгіні қараңыз және қызмет көрсету қажет болған кезде ондағы ақпаратты сатушыға хабарлаңыз.

Бұл құрылғы сіздің жеке қауіпсіздігіңді қамтамасыз ететіндей етіп өзірленген өрі шығарылған, дегенмен де оны жаңсақ пайдалану ықтимал электр тогы соққысын не өрт қатерін тудыруы мүмкін. Осы монитордың құрамындағы барлық сақтық шараларының дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік беру мақсатында оны орнату, пайдалану мен қызмет көрсету туралы төмендегі негізгі ережелерді қарап шығыңыз.

## Қауіпсіздік жөнінде

Тек құрылғыға қоса жеткізілетін ток көзіне қосу сымын ғана пайдаланыңыз. Егер сіз басқа ток көзіне қосу сымын пайдалансаңыз, оны жеткізуші қамтамасыз етпеген болса, оның қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сай екеніне көз жеткізіңіз. Егер ток көзіне қосу сымының қандай да бір ақаулығы болса, оны ауыстыру үшін өндірушіге не жақын жердегі уәкілетті жөндеу қызметкеріне хабарласыңыз.

Ток көзіне қосу сымы негізгі ажыратқыш құрал ретінде қолданылады. Орнатқаннан кейін шығыс ұяшығына оңай қол жеткізуге болатынына көз жеткізіңіз.

Дисплейді тек осы нұсқаулықтың техникалық сипаттамалар тізімінде көрсетілген не дисплейде тізімі берілген ток көзі арқылы жұмысқа қосыңыз. Егер сіз өз үйіңіз электр тогының қандай түрімен қамтылатынын анық білмесеңіз, сатушымен кеңесіңіз.

Асқын жүктелген ауыспалы ток шығу ұяшықтары мен кеңейту сымдары өте қауіпті. Тозған ток көзіне қосу сымдары мен сынған ашалар да қауіпті. Бұл ток соғуына не өрт қатеріне әкелуі мүмкін. Ауыстыру үшін сервис қызметінің кехникалық маманын шақырыңыз.

Дисплейді ашпаңыз.

- Ішінде пайдаланушының кәдесіне жарайтын бөлшектер жоқ.
- Ток көзі ажыратулы тұрғанның өзінде де ішінде қатерлі жоғары кернеу болады.
- Егер дисплей дұрыс жұмыс істемесе, өз дилеріңізге хабарласыңыз.

Жеке басты жарақаттап алмау үшін:

- Мықтап бекітіп алмай тұрып дисплейді еңіс сөреге қоймаңыз.
- Тек өндіруші ұсынатын қондырманы ғана пайдаланыңыз.

Өрт шығуын және қатерлерді болдырмау үшін:

- Егер бөлмеден қысқа мезеттен артық уақытқа шығатын болсаңыз, дисплейді әрқашан да ток көзінен ажыратып қойыңыз. Үйден шығып бара жатып дисплейді ешқашан да ток көзіне қосуды күйде қалдырмаңыз.
- Балалардың дисплей қаптамасындағы саңылауларына зат тастауына не тығуына жол бермеңіз. Кейбір ішкі бөлшектердің қатерлі кернеуі болады.
- Осы дисплейге арналып жасалмаған керек-жарақтарды қоспаңыз.
- Найзағай жарқыраған дауыл кезінде не дисплей ұзақ уақыт назардан тыс қалатын болса, оны қабырғадағы розеткадан суырып тастаңыз.

## Орнату жөнінде

Ток көзіне қосу сымының үстінде ештеңе жатуға не жаншуға тиіс емес, және дисплейді ток көзіне қосу сымы зақым болуы мүмкін жерге қоймаңыз.

Осы дисплейді ванна, жуынатын құмыра, ас үй раковинасы, кір жуатын леген ішіндегі сияқты судың қасына, дымқыл жерге, не шомылатын бассейннің қасына қоймаңыз. Дисплейлердің қаптамасында жұмыс істеген кезде өндірілетін ыстықтың шығуына мүмкіндік беретін желдеткіш саңылаулар бар. Егер бұл саңылаулар жабылып қалса, жиналған ыстық өрт қатерін тудыруы мүмкін ақаулыққа себеп болуы ықтимал.

Сондықтан ЕШҚАШАН:

- Дисплейді төсек, диван, кілем т. б. үстіне қою арқылы желдеткіш тесіктерді жауып тастамаңыз.
- Дұрыс желдету қаптамасыз етілмейінше, дисплейді кіріктіріп салынған корпусның ішіне орнатпаңыз.
- Саңылауларды матамен не басқа материалмен жаппаңыз.
- Дисплейді радиатордың не басқа ыстық көзінің қасына не үстіне қоймаңыз.

Active Matrix LCD-ді қатты затпен сүртпеңіз не ұрып алмаңыз, себебі бұл Active Matrix LCD-ге үнемі сызат түсіруі, бүлдіруі не зақым келтіруі ықтимал.

LCD экранын саусағыңызбен ұзақ уақыт бойы баспаңыз, өйткені бұл кейбір қалдықты бейне пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Экранда қызыл, жасыл не көк таңдақтар түрінде кейбір нүктелік ақаулар пайда болуы мүмкін. Дегенмен, бұл дисплей жұмысына ешбір ықпал не әсер ете алмайды.

Егер мүмкіндік болса, өзіңіздің LCD дисплейіңізде ең жақсы бейне сурет сапасына қол жеткізу үшін ұсынылған шешу сипаттарын қолданыңыз. Егер ұсынылған шешу сипаттарынан басқа қандай да бір режимде қолданылса, экранда кейбір қатпарлы не өзгерген бейне сурет пайда болуы мүмкін. Дегенмен де бұл тұрақты шешу қабілеті бар LCD панеліне тән құбылыс.

## Тазалау жөнінде

- Дисплей экранының беткі жағын тазалар алдында дисплейді ток көзінен ажыратыңыз.
- Сәл ғана дымқыл (сулы емес) матаны пайдаланыңыз. Аэрозольді дисплей экранына тікелей бүрікпеңіз, себебі ол артық себілсе, электр тогы соққысына себеп болуы мүмкін.

## Орамын ашу жөнінде

- Картон мен орам материалдарын лақтырып тастамаңыз. Олар құрылғыны тасымалдау үшін ең қолайлы ыдыс. Құрылғыны басқа жерге тасымалдаған кезде оны өзінің бастапқы материалына ораңыз.


## Қауіпсіз аластау

- Бұл өнімде қолданылатын күндізгі жарық шамының құрамында шамалы көлемде сынап бар.
- Бұл өнімнің қалдықтарын күнделікті тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырып тастамаңыз.  
Бұл өнімді аластау сіз тұратын жердегі билік органдарының нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

- Мониторды орнатпай тұрып, монитордың, компьютерлік жүйенің және басқа да құрылғылардың ток көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

## Қондырмалы тұрғыны жазу

1. Мониторды төсеменіңне жұмсақ матаның үстіне алдыңғы жағын төмен қаратып жатқызыңыз.
2. Қондырмалы тұрғыны екі қолыңызбен арасын ашу арқылы бастапқы кездегі қалпына (65°) дейін созыңыз.
3. Қондырмалы тұрғыны сәл көбірек күш салу арқылы тағы да 90 градусқа дейін созыңыз. Қондырмалы тұрғыны 90 градустан астам созу үшін артық күш салмаңыз, себебі онда мониторға зақым келуі мүмкін.




4. Мониторды тігінен қойыңыз да, қондырмалы тұрғының бұрышын қажетінше реттеңіз. Қондырмалы тұрғыны бұрыштаған кезде монитордың жоғарғы бөлігін екі қолыңызбен ұстап тұрыңыз.



## Қондырмалы тұрғыны жинау

1. Монитордың алдыңғы жағынан тұрыңыз да, суретте көрсетілген реттілікпен мониторды артқа қарай итеріңіз.




180 градустан артық итеріңіз. Бұл қондырмалы тұрғыға зақым келтіруі ықтимал.

- Мына суретте жалпы қосылыс үлгісі сипатталады. Сіздің мониториыңыз суретте көрсетілген бұйымдардан өзгеше болуы мүмкін.







Қондырмалы тұрғыны созып немесе жазып жатқан кезде монитор экранына қол тигізбеңіз және күш салмаңыз.

## Компьютерді пайдалану




1. Артқы қақпағының төменгі бөлігін төмен жылжыту арқылы оны суретте көрсетілгендей етіп ағытып алыңыз.

2. Кіріс сигнал кабелі мен ток көзіне қосу сымын жалғаңыз (келесі бетті қараңыз).



3. Кабельдерді жалғағаннан кейін жоғарғы бөлігіндегі ойыққа артқы қақпақты орнатыңыз да, жоғары қарай тарта отырып орнына қойыңыз.




4. Түпкі жағынан ұстап тұрып артқы қақпақты екі бүйіріндегі ойықты бойлай кіргізіңіз.

## Компьютерді пайдалану

1. Сигнал кабелін жалғаңыз. Сәйкестенген кезде қосылысты нығайту үшін бұрамаларды тартып бұраңыз.
2. Ток көзіне қосу сымын оңай қол жететін және дисплейге жақын, дәл келетін ток ұяшығына жалғаңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Мына сурет артқы жағынан қарағандағы қарапайым көрінісі.
- Осы артқы көрінісі жалпы үлгіні көрсетеді, сіздің дисплейіңіз көрсетілген түрден басқаша болуы мүмкін.




3. Қуат көзіне қосу үшін алдыңғы үлестіргіш панельдегі батырмасын басыңыз. Монитор қуат көзіне қосылған кезде 'Self Image Setting Function' (Бейнені өзі орнату қызметі) өздігінен жүзеге асырылады.

PROCESSING SELF  
IMAGE SETTING

### ЕСКЕРТПЕ

'Self Image Setting Function' (Бейнені өзі орнату қызметі)? Бұл қызмет пайдаланушыны ең оңтайлы дисплей орнатымдарымен қамтамасыз етеді. Пайдаланушы мониторды алғаш рет жалғаған кезде, бұл қызмет дисплейді жеке кіріс сигналдарын қабылдауға арналған ең оңтайлы орнатымдарға өздігінен баптайды. Егер сіз пайдаланып жатқан кезде мониторды баптағыңыз келсе, немесе осы қызметті тағы бір рет қолдан қосуды қаласаңыз, монитордың алдыңғы панельіндегі "AUTO" батырмасын басыңыз. Олай етпейтін болсаңыз, сіз OSD (Экрандағы көрініс) баптау менюіндегі "Factory reset" (Зауыттық орнатым) опциясын іске қоса аласыз. Қалай болғанда да, бұл опцияның "Language" (Тіл) тармағынан басқа барлық меню тармақтарын инициализациялайтынын білгеніңіз жөн.

## Алдыңғы панельдегі басқару құралдары




Басқару	Қызмет
<b>1</b> Power батырмасы	Дисплейді токқа қосу не ажырату үшін осы батырманы пайдаланыңыз.
Power (DPMS) көрсеткіші	Дисплей қалыпты жұмыс істеп тұрғанда бұл көрсеткіш көк болып жанады. Егер дисплей DPM-де (Қуат сақтау) тұрса, бұл көрсеткіштің түсі көріптас түсіне өзгереді.
<b>2</b> MENU батырмасы	Экрандағы көрініске ену не одан шығу үшін осы батырманы пайдаланыңыз.
<b>3</b> ▼▲◀▶ батырмалары	Экрандағы көріністегі тармақтарды таңдау не баптау үшін осы батырмаларды пайдаланыңыз.
<b>4</b> AUTO/SELECT батырмасы	Экрандағы көріністегі таңдауға ену үшін осы батырманы пайдаланыңыз.

## Басқару

## Тікелей қол жеткізу қызметі

### 3

LIGHTVIEW




**DAY**  
**NIGHT**

Бұл сипат сізге қоршаған ортаға лайықталған ең жақсы қалаған бейне ахуалын (экранды сыртқы жарықтандыру, бейне тұрпаттары т. б.) оңай таңдауға мүмкіндік береді.

- **DAY**: Жарық сыртқы жарықтандыру
- **NIGHT**: Күңгірт сыртқы жарықтандыру
- **TEXT**: Мәтіндік бейнелер үшін  
(мәтінмен жұмыс істеу т. б.)
- **MOVIE**: Бейне кассеталардағы не кинофильмдердегі қимылдық бейнелер үшін
- **PHOTO**: Фотосуреттер немесе суреттер үшін
- **NORMAL**: Бұл қалыпты жұмыс жағдайы.

LIGHTVIEW → LIGHTVIEW → MENU



Қанықтылық пен айқындылықты бабына келтіру.

→ ▼ ▲ → MENU

### 4

## БЕЙНЕНІ ӨЗДІГІНЕН БАПТАУ



Өз дисплейіңіздің орнатымдарын баптаған кезде, Экрандағы көрініске кірер алдында әрқашан **AUTO/SELECT** батырмасын басыңыз.

Дисплей (OSD). Бұл сіздің дисплейіңіздің бейнесін ағымдағы экранның шешу мөлшеріне арналған ең қолайлы орнатымдарға (дисплей режимі) өздігінен баптайды. Ең жақсы дисплей режимі

15 дюймдік монитор: **1024x768**

17 дюймдік монитор: **1280x1024**

### 5

## SOURCE (ҚОСЫЛЫС КӨЗІ)

Dsub немесе DVI ағытпасын жұмысқа қосу үшін осы батырманы пайдаланыңыз. Бұл сипат дисплейге екі компьютер жалғанған жағдайда пайдаланылады. Стандартты орнатым Dsub болып табылады.

## OSD (экрандағы көрініс) БЕКІТУЛІ/АҒЫТУЛЫ

: MENU



Бұл қызмет сізге ағымдағы басқару орнатымдарын бекітіп қоюға мүмкіндік береді, сонда олар абайсыз өзгеріп кете алмайды.

**MENU** батырмасын басыңыз да, 5 секунд ұстап тұрыңыз. “**OSD LOCKED**” (экрандағы көрініс бекітулі) хабары пайда болуға тиіс. Сіз **MENU** батырмасын 5 секунд басып тұру арқылы кез келген уақытта OSD (экрандағы көрініс) басқару құралдарының бекітпесін ағыта аласыз. “**OSD UNLOCKED**” (экрандағы көрініс ағытулы) хабары пайда болуға тиіс.




## Экранды баптау

Дисплейдің бейне сурет мөлшерін, позициясы мен жұмыс параметрлерін Экрандағы көрініс басқару құралдары жүйесінің көмегімен баптау тез әрі оңай. Басқару құралдарымен сізді таныстыру үшін төменде қысқаша мысал келтірілген. Төмендегі тарау сіз OSD пайдалана отырып жасай алатын қолда бар баптаулар мен таңдаулардың жалпы сұлбасы.

### ЕСКЕРТПЕ

- Бейне суретті баптауды бастамас бұрын дисплейдің кем дегенде 30 минут орнығуына мұрсат беріңіз.

Экрандағы көріністе баптау жүргізу үшін төмендегі қадамдарды жасаңыз:



- 1 MENU батырмасын** басыңыз, сол кезде OSD негізгі менюі пайда болады.
- 2** Басқару құралына қол жету үшін **▼** не **▲** батырмаларын пайдаланыңыз. Өзіңіз қалаған белгіше жарықтанған кезде, **AUTO/SELECT батырмасын** басыңыз.
- 3** Тармақты қалаған деңгейге баптау үшін **▼ ▲ ◀ ▶** батырмаларын пайдаланыңыз.
- 4 MENU батырмаларын** басу арқылы өзгерістерді қабылдаңыз.
- 5 MENU батырмасын** басу арқылы OSD-ден шығыңыз.

# Экрандағы көріністі (OSD) таңдау және баптау

Төмендегі кесте экрандағы көріністі басқару, баптау мен орнатудың барлық менюлерін көрсетеді.

Негізгі меню	Қосалқы меню		A	D	Анықтама
PICTURE	BRIGHTNESS		●	●	Экранның жарықтылығы мен қанықтылығын баптау үшін
	CONTRAST		●	●	
	GAMMA(ГAMMA)		●	●	
COLOR	PRESET	6500K	●	●	Экранның түсін қайта жасау үшін
		9300K	●	●	
	RED		●	●	
	GREEN		●	●	
	BLUE		●	●	
POSITION	HORIZONTAL		●		Экранның позициясын баптау үшін
	VERTICAL		●		
TRACKING	CLOCK		●		Экранның айқындылығы мен орнықтылығын жақсарту үшін
	PHASE		●		
SETUP	LANGUAGE		●	●	Экран күйін пайдаланушы жұмыс істейтін ортаға ыңғайлау үшін
	OSD POSITION	HORIZONTAL	●	●	
		VERTICAL	●	●	
	WHITE BALANCE		●		
	POWER INDICATOR		●	●	
	FACTORY RESET		●	●	
<div>● : Бапталады</div> <div>A : Аналогтық кіріс</div> <div>D : Цифрлық кіріс</div>					

## ЕСКЕРТПЕ

- Белгішелердің реттілігі үлгіге (Z9-Z11) байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Сіз OSD жүйесін пайдалана отырып тармақ таңдау мен баптау рәсімімен таныстыңыз. Төменде менюде көрсетілетін барлық тармақтардың белгішелері, белгіше атаулары мен белгіше суреттемелерінің тізімі берілген.

## ЕСКЕРТПЕ

- Монитордағы OSD (Экрандағы көрініс) менюінің тілдері нұсқаулықтағыдан өзгеше болуы мүмкін.




## Экранның жарықтылығы мен қанықтылығын баптау үшін

OSD баптау	Суреттеме
	<p> <b>BRIGHTNESS (Жарықтылық)</b> Экранның жарықтылығын баптау үшін.</p> <p> <b>CONTRAST (Қанықтылық)</b> Экранның қанықтылығын баптау үшін.</p> <p> <b>GAMMA (ГАММА)</b> Өз гамма көрсеткішіңізді орнатыңыз. (-50~50) Мониторда жоғары гамма көрсеткіштер ақшыл бейнелерді көрсетеді, ал төмен гамма көрсеткіштер айқындылығы жоғары бейнелерді көрсетеді.</p>

## Экранның түсін қайта жасау үшін


OSD баптау	Суреттеме
	<p><b>PRESET 6500K/9300K</b> Экран түсін таңдау. • 6500K: Сәл ақшыл-қызғылт. • 9300K: Сәл ақшыл-көк.</p> <p><b>RED GREEN BLUE</b> Өзіңіз қалаған түс деңгейлерін орнатыңыз.</p>

## Экранның позициясын баптау үшін

OSD баптау	Суреттеме
	<p> <b>Горизонталь позиция</b> Бейне суретті солға-оңға қозғалту үшін.</p> <p> <b>Вертикаль позиция</b> Бейне суретті жоғары-төмен қозғалту үшін.</p>

## Экранның айқындылығы мен орнықтылығын жақсарту үшін

### OSD баптау




### Суреттеме

- CLOCK** Экран фонында көрінген қандай да бір сызықтар мен жолақтарды мейлінше азайту үшін. Сонымен бірге экранның горизонталь мөлшері де өзгереді.
- PHASE** Дисплейдің фокусын баптау үшін. Бұл элемент сізге қандай да бір көлденең бөгеуілдерді аластауға және белгілердің суретін таза және анық көруге мүмкіндік береді.

## Экран күйін пайдаланушы жұмыс істейтін ортаға ыңғайлау үшін

### OSD баптау



### Суреттеме

- LANGUAGE** Басқару құралдарының атаулары көрінетін тілді таңдау үшін.
- OSD POSITION** Экрандағы OSD терезесінің позициясын баптау үшін.
- WHITE BALANCE** Егер бейне картаның шығысы талап етілетін техникалық сипаттамалардан бөлек болса, бейне сигналдың бұрмалануына байланысты түс деңгейі нашарлауы мүмкін. Осы қызметті пайдалану арқылы сигнал деңгейі оңтайлы бейне суретті қамтамасыз ету үшін бейне картаның стандартты шығыс деңгейіне дәл келетіндей болып бапталады. Осы қызметті экранда ақ және қара түстер болған кезде іске қосыңыз.
- POWER INDICATOR (ҚУАТ КӨЗІ ИНДИКАТОРЫ)** Монитордың алдыңғы жағындағы қуат көзі индикаторын ON (қосулы) немесе OFF (ажыратулы) қалпына орнату үшін осы қызметті пайдаланыңыз. Егер сіз OFF қалпына орнатсаңыз, ол 15 секундтан кейін ажыратылады. Егер сіз кез келген уақытта ON қалпына орнатсаңыз, қуат көзі индикаторы өздігінен іске қосылатын болады.
- FACTORY RESET** “LANGUAGE”-ден басқа зауытта қойылған үнсіз орнатымдардың барлығына қайта оралыңыз. Дерек бастапқы ұалпына орнату үшін ► батырмасын басыңыз.

Егер бұл экрандағы бейнені жақсартпаса, зауыттан қойылған орнатымдарды қалпына келтіріңіз. Егер қажет болса, ақ түс теңгерімі қызметін қайта іске асырыңыз. Бұл қызмет тек кіріс сигналы аналогтық болған кезде ғана жұмыс істейді.

Жөндеу қызметін шақырмас бұрын төмендегіні тексеріңіз.

Ешқандай бейне сурет көрінбейді	
<ul style="list-style-type: none"> <li>● Дисплейдің ток көзіне қосу сымы жалғанған ба?</li> <li>● Қуат көрсеткіші жанып тұр ма?</li> <li>● Қуат көзі қосулы ма және қуат көрсеткіші жасыл ма?</li> <li>● Қуат көрсеткіші көріптас түсімен жанып тұр ма?</li> <li>● Экранда “OUT OF RANGE” хабарын көріп тұрсыз ба?</li> <li>● Сіз экранда “CHECK SIGNAL CABLE” хабарын көріп тұрсыз ба?</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ток көзіне қосу сымы ток көзі розеткасына дұрыс жалғанғанын тексеріп қараңыз.</li> <li>• Power батырмасын басыңыз.</li> <li>• Экранның жарықтылығы мен қанықтылығын баптаңыз.</li> <li>• Егер дисплей қуат үнемдеу режимінде тұрса, маусты қозғалту не паернетақтадағы кез келген пернені басу арқылы экранды келтіруге тырысыңыз.</li> <li>• Қуат көзі қосулы тұрғанына көз жеткізіңіз.</li> <li>• Компьютерді іске қосып көруге тырысыңыз.</li> <li>• Бұл хабар PC-ден (бейне карта) келетін сигнал дисплейдің көлбеу не тік жиілік ауқымынан шығып кеткен жағдайда пайда болады. Осы нұсқаулықтың “техникалық сипаттамалар” тарауын қараңыз да, дисплейді қайта конфигурациялаңыз.</li> <li>• Бұл хабар сіздің PC мен дисплей арасындағы кабель жалғанбаған жағдайда пайда болады. Сигнал кабелін тексеріңіз де, тағы бір байқаңыз.</li> </ul>

Сіз экранда “OSD LOCKED” хабарын көріп тұрсыз ба?	
<ul style="list-style-type: none"> <li>● Сіз MENU батырмасын басқан кезде “OSD LOCKED” хабарын көресіз бе?</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сіз ағымдағы басқару орнатымдарын қорғап қоя аласыз, сонда олар абайсыз өзгеріп кете алмайды. Сіз <b>MENU</b> батырмасын 5 секунд басып тұру арқылы кез келген уақытта OSD (экрандағы көрініс) басқару құралдарының бекітпесін ағыта аласыз. “<b>OSD UNLOCKED</b>” (экрандағы көрініс ағытулы) хабары пайда болуға тиіс.</li> </ul>

## Дисплейдің бейне суреті дұрыс емес

### ● Дисплей позициясы дұрыс емес.

- Өз дисплейіңіздің бейне суретін ең қолайлы орнатымға баптау үшін **AUTO/SELECT** батырмасын басыңыз. Егер жақсы нәтижеге қол жетпесе, дисплей экранындағы горизонталь позиция және вертикаль позиция белгішесін пайдаланып, бейне позициясын баптаңыз.
- **Басқару панелі → Дисплей → Орнатымдарды** тексеріңіз де, жиілік немесе айыру қабілеті өзгерген-өзгермегенін байқаңыз. Егер олай болса, бейне картаны ұсынылған шешу қабілетіне қайта баптаңыз.

### ● Экран фонында тік сызықтар немесе жолақтар көрініп тұр.

- Дисплейіңіздің бейне суретін ең қолайлы орнатымға баптау үшін **AUTO/SELECT** батырмасын басыңыз. Егер жақсы нәтиже болмаса, экрандағы көріністері **CLOCK** белгішесін пайдаланып, тік сызықтар мен жолақтарды азайтыңыз.

### ● Бейне суретте не белгіде пайда болатын кез келген көлденең бөгеуіл анық көрінбейді.

- Дисплейіңіздің бейне суреті ең қолайлы орнатымға өzdігiнен бапталу үшін **AUTO/SELECT** батырмасын басыңыз. Егер жақсы нәтижеге қол жетпесе, дисплей экранындағы **PHASE** белгішесін пайдаланып, көлденең бөгеуілдерді азайтыңыз.
- **Басқару панелі → Дисплей → Орнатымдарды** тексеріңіз де, дисплейді ұсынылған айыру қабілетіне баптаңыз немесе дисплей бейнесін мінсіз орнатымға баптаңыз. Түрлі түс орнатымын 24 биттен жоғарырақ орнатыңыз (шынайы түс көрсету).

### ● Экранның түсі біртүсті немесе дұрыс емес.

- Сигнал кабелі дұрыс жалғанғанын тексеріңіз де, қажет болса, оны қатайтып бұрау үшін бұрағышты пайдаланыңыз.
- Бейне картаның саңылауға дұрыс кіріп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- **Басқару панелінде Орнатымдарда** түрлі түс орнатымын 24 биттен жоғарырақ орнатыңыз (шынайы түс көрсету).

### ● Экран жыпылықтайды.

- Экран алма-кезек режимге орнатылғанын тексеріңіз де, егер орнатылған болса, оны ұсынылған шешу қабілетіне өзгертіңіз.
- Ток кернеуінің жетерліктей жоғары екеніне көз жеткізіңіз. Ол **AT100-240В 50/60Гц-тен** жоғары болуға тиіс.

## Сіз дисплейдің драйверін орнаттыңыз ба

● Сіз дисплейдің драйверін орнаттыңыз ба?

- Өзіңіздің дисплейіңізге қоса берілген, дисплей драйвері жазылған CD-ден (не дискеттен) дисплей драйверін орнатыңыз. Немесе сіз драйверді сондай-ақ біздің вебсайттан жазып ала аласыз: <http://www.lge.com>.



● Сіз “Таныс емес монитор, Қос та жұмыс істей бер (VESA DDC) монитормы табылды” хабарын көріп тұрсыз ба?

- Бейне картаның “Қос та жұмыс істей бер” қызметін қолдайтынын қайткенде де тексеріңіз.

## USB қызметі

● USB қызметін орнату мүмкін емес.



- USB кабелі дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Компьютер мен операциялық жүйе USB-мен сәйкес келетінін тексеріңіз.  
USB қолдайтынына көз жеткізу үшін әр жүйенің өндірушісінен ақыл-кеңес сұраңыз.

<b>Дисплей</b>	15 дюйм (38,1 см) Flat Panel Active matrix-TFT LCD Сәуле шағылыстырмайтын жабын 15 дюйм көзге көрінеді 0,297 мм пиксел қадам	
<b>Синхрондау кірісі</b>	<b>Горизонталь жиілік</b>	30 - 63 КГц (Өздігінен)
	<b>Вертикаль жиілік</b>	56 - 75 Гц (Өздігінен)
	<b>Кіріс пішіні</b>	Жеке ТТЛ, Оң/Теріс SOG (Экрандағы синхрондауыш) Цифрлық
<b>Бейне кірісі</b>	<b>Сигнал кірісі</b>	15 шықпалы D-Sub ағытпасы DVI - D ағытпасы (Цифрлық)
	<b>Кіріс пішіні</b>	RGB аналог (0,7 кернеу құлашы/75 ом), Цифрлық
<b>Шешу қабілеті</b>	<b>Ең үлкен</b>	Цифрлық: VESA 75 Гц болғанда 1024x768 Аналогтық: VESA 75 Гц болғанда 1024x768
	<b>Ұсынылады</b>	VESA 60 Гц болғанда 1024x768
<b>Plug&amp;Play</b>	DDC 2B	
<b>Энергия тұтыну</b>	<b>Қалыпты</b>	: 25 Вт
	<b>Резерв/Кейінге қалдыру</b>	≤ 2 Вт
	<b>DPMS қосу</b>	≤ 2 Вт
<b>Өлшемдері мен салмағы (Бұрылмалы тұрғымен бірге)</b>	Толық жазылған түрі	
		
	Жиналған түрі	
		
	<b>Ені</b>	36,38 см / 14,32 дюйм
	<b>Биіктігі</b>	33,07 см / 13,02 дюйм
	<b>Тереңдігі</b>	22,00 см / 8,66 дюйм
	<b>Таза салмағы</b>	3,2 кг (7,05 фунт)
<b>Еңкейту ауқымы</b>	<b>Еңкейту</b>	0° ~ 25°
<b>Кіріс қуаттылығы</b>	AC 100-240 В~ 50/60 Гц 0,6А	
<b>Қоршаған орта жағдайлары</b>	<b>Жұмыс істеу жағдайлары</b>	
	<b>Температура</b>	10°С-тан 35°С-қа дейін
	<b>Ылғалдылық</b>	10%-дан 80%-ға дейін конденсатталмайтын
	<b>Сақталу жағдайлары</b>	
	<b>Температура</b>	-20°С-тан 60°С-қа дейін
	<b>Ылғалдылық</b>	5%-дан 95%-ға дейін конденсатталмайтын
<b>Бұрылмалы тұрғы</b>	Бекітілген ( О ), Ағытылған ( )	
<b>Сигнал кабелі</b>	Бекітілген ( ), Ағытылған ( О )	
<b>Ток көзіне қосу сымы</b>	Қабырға ұяшығына жалғанатын түрі не PC-ге жалғанатын түрі	

**ЕСКЕРТПЕ**

- Осы құжаттағы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуге жатады.



<b>Дисплей</b>	17 дюйм (43,2 см) Flat Panel Active matrix-TFT LCD Сәуле шағылыстырмайтын жабын 17 дюйм көзге көрінеді 0,264 мм пиксел қадам	
<b>Синхрондау кірісі</b>	<b>Горизонталь жиілік</b>	Аналогтық : 30 - 83 КГц (Өздігінен) Цифрлық : 30 - 71 КГц (Өздігінен)
	<b>Вертикаль жиілік. Кіріс пішіні</b>	56 - 75 Гц (Өздігінен) Жеке TTL, Оң/Теріс SOG (Экрандағы синхрондауыш) Цифрлық
<b>Бейне кірісі</b>	<b>Сигнал кірісі</b>	15 шықпалы D-Sub ағытпасы DVI - D ағытпасы (Цифрлық)
	<b>Кіріс пішіні</b>	RGB аналог (0,7 кернеу құлашы/75 ом), цифрлық
<b>Шешу қабілеті</b>	<b>Ең үлкен</b>	DVI Цифрлық: VESA 60 Гц болғанда 1280x1024 D-Sub Аналогтық: VESA 75 Гц болғанда 1280x1024
	<b>Ұсынылады</b>	VESA 60 Гц болғанда 1280 x 1024
<b>Plug&amp;Play</b>	DDC 2B	
<b>Энергия тұтыну</b>	<b>Қалыпты</b>	: 43 Вт
	<b>Резерв/Кейінге қалдыру</b>	≤ 2 Вт
	<b>DPMS қосу</b>	≤ 2 Вт
<b>Өлшемдері мен салмағы (Бұрылмалы тұрғымен бірге)</b>	Толық жазылған түрі	
		
	Жиналған түрі	
		
	<b>Ені</b>	39,40 см / 15,51 дюйм
	<b>Биіктігі</b>	37,90 см / 14,92 дюйм
	<b>Тереңдігі</b>	23,20 см / 9,13 дюйм
	<b>Таза салмағы</b>	4,5 кг (9,92 фунт)
<b>Еңкейту ауқымы</b>	<b>Еңкейту</b>	0°~25°
<b>Кіріс қуаттылығы</b>	AC 100-240 В~ 50/60 Гц 1,0А	
<b>Қоршаған орта жағдайлары</b>	<b>Жұмыс істеу жағдайлары</b>	
	<b>Температура</b>	10°С-тан 35°С-қа дейін
	<b>Ылғалдылық</b>	10%-дан 80%-ға дейін конденсатталмайтын
	<b>Сақталу жағдайлары</b>	
	<b>Температура</b>	-20°С-тан 60°С-қа дейін
<b>Бұрылмалы тұрғы</b>	<b>Ылғалдылық</b>	5%-дан 95%-ға дейін конденсатталмайтын
	Бекітілген ( O ), Ағытылған ( )	
<b>Сигнал кабелі</b>	Бекітілген ( ) , Ағытылған ( O )	
<b>Ток көзіне қосу сымы</b>	Қабырға ұяшығына жалғанатын түрі не PC-ге жалғанатын түрі	

**ЕСКЕРТПЕ**

- Осы құжаттағы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуге жатады.

## Алдын ала орнатылған режимдер (Шешу қабілеті)

### ● 15 дюймдік монитор

	Дисплей режимдері (Шешу қабілеті)		Горизонталь жиілік (КГц)	Вертикаль жиілік (Гц)
1	VGA	640 x 350	31,468	70
2	VGA	720 x 400	31,468	70
3	VGA	640 x 480	31,469	60
4	VESA	640 x 480	35,000	66,67
5	VESA	640 x 480	37,861	72,8
6	VESA	640 x 480	37,500	75
7	VESA	800 x 600	35,156	56,25
8	VESA	800 x 600	37,879	60
9	VESA	800 x 600	48,077	72
10	VESA	800 x 600	46,875	75
11	MAC	832 x 624	49,725	75
12	VESA	1024 x 768	48,363	60
13	VESA	1024 x 768	56,476	70
14	VESA	1024 x 768	60,023	75


### ● 17 дюймдік монитор

	Дисплей режимдері (Шешу қабілеті)		Горизонталь жиілік (КГц)	Вертикаль жиілік (Гц)
1	VGA	640 x 350	31,469	70
2	VGA	720 x 400	31,468	70
3	VGA	640 x 480	31,469	60
4	VESA	640 x 480	37,500	75
5	VESA	800 x 600	37,879	60
6	VESA	800 x 600	46,875	75
7	MAC	832 x 624	49,725	75
8	VESA	1024 x 768	48,363	60
9	VESA	1024 x 768	60,023	75
10	MAC	1152 x 870	68,681	75
11	VESA	1152 x 900	61,805	65
12	VESA	1280 x 1024	63,981	60
13	VESA	1280 x 1024	79,976	75

## және көрсеткіш

Режим	LED (жарық диоды) түсі
Қалыпты	Көк
Резерв/Кейінге қалдыру	Кәріптас
DPMS қосу	Кәріптас

## Сигнал қосылыс шықпасын үлестіру



### ■ DVI-D ағытпасы


Шықпа	Сигнал (DVI-D)
1	T. M. D. S. Деректер2-
2	T. M. D. S. Деректер2+
3	T. M. D. S. Деректер2/4 экран
4	T. M. D. S. Деректер4-
5	T. M. D. S. Деректер4+
6	DDC Синхрондауыш
7	DDC Деректер
8	Аналогтық тік синхрондау.
9	T. M. D. S. Деректер1-
10	T. M. D. S. Деректер1+
11	T. M. D. S. Деректер1/3 экран
12	T. M. D. S. Деректер3-
13	T. M. D. S. Деректер3+
14	+5 В Қуаттылық
15	Жерге қосу (+5В, горизонталь. синхрондау және вертикаль синхрондау үшін)

Шықпа	Сигнал (DVI-D)
16	Ыстық жалғанысты түзету
17	T. M. D. S. Деректер0-
18	T. M. D. S. Деректер0+
19	T. M. D. S. Деректер0/5 экран
20	T. M. D. S. Деректер5-
21	T. M. D. S. Деректер5+
22	T. M. D. S. Синхрондауыш экран
23	T. M. D. S. Синхрондауыш+
24	T. M. D. S. Синхрондауыш-


T. M. D. S. (Ең төменгі өтпелі дифференциалды сигнал)

Осы монитор VESA стандарттарына сай келетін интерфейстік үйлеспелі орнату тақтасының техникалық сипаттамаларына дәл келеді.

1. Мониторды бір бөлек мата үстіне немесе басқа бір жұмсақ жерге алдыңғы жағын төмен қаратып қойыңыз да, артқы қақпағын алыңыз.




2. Қораптың төменгі бөлігін суретте көрсетілгендей етіп екі қолмен суырып алыңыз.



3. Қондырмалы тұрғыны суретте көрсетілгендей етіп бұрағыштың көмегімен ағытып алыңыз.

4. VESA стандартына сай қабырғаға орнатыңыз.



## VESA бойынша қабырғаға орнату

Басқа затқа жалғанады (қондырмалы түрі және қабырғаға орнатылатын түрі қосымша. Осы мониторға VESA стандарттарына сай келетін үйлеспелі орнату тақтасы дәл келеді.) Толығырақ ақпарат алу үшін VESA стандарттары бойынша қабырғаға орнату жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.


## Кенсингтон қауіпсіздік слоты -қосымша

Көптеген компьютерлік дүкендерде бөлек сатып алуға болатын бекіткіш кабельге жалғанады

USB (Әмбебап тізбекті құр) сіздің үстел үстіне қоятын шеттік құрылғыларыңызды компьютеріңізге ыңғайлы түрде жалғаудағы жаңартым. USB пайдалану арқылы сіз өзіңіздің маус, пернетақта және тағы басқа да шеттік құрылғыларыңызды компьютерге жалғаудың орнына өз дисплейіңізге жалғай аласыз. Бұл сізге өзіңіздің жүйеңізді барынша икемді түрде бабына келтіруге мүмкіндік береді. USB сізге бір ғана USB портына саны 120-ға дейін жететін құрылғылар тізбегін жалғауға мүмкіндік береді; және де сіз “ыстық жалғай” аласыз (оларды компьютер жұмыс істеп тұрғанда тіркеу) немесе ағытпа мен ағытпаны өздігінен анықтау мен конфигурациялауды қолдау кезінде ағытпа аласыз. Осы дисплейдің құр арқылы қуат алатын құрамдас USB шоғырландырғышы бар, ол саны 2-ге дейін басқа USB құрылғыларын жалғауға мүмкіндік береді.

## USB қосылысы

1. Дисплейдің кіріс портын USB-мен сәйкес келетін PC-дің шығыс портына не USB кабелін пайдаланатын басқа шоғырландырғышқа жалғаңыз. (Компьютердің USB порты болуға тиіс)
2. USB-мен сәйкес келетін шеттік құрылғыларды дисплейдің шығыс порттарына жалғаңыз.



### ЕСКЕРТПЕ

- USB шоғырландырғыш қызметін іске қосу үшін дисплей USB-мен сәйкес келетін PC-ге (операциялық жүйеге) не USB кабелі (жабық) бар басқа шоғырландырғышқа жалғануға тиіс.
- USB кабелін жалғаған кезде кабель жақтағы қосылыстың пішіні жалғағыш жақтың пішініне дәл келуін тексеріңіз.
- Дисплей қуат үнемдеу режимінде болғанның өзінде де, егер USB-мен сәйкес келетін құрылғылар дисплейдің USB порттарына (кіріс және шығыс) жалғаулы болса, олар жұмыс істей береді.

## USB техникалық сипаттамалары

USB стандарты	Кері 1,1-мен сәйкес келетін, құр арқылы қуат алатын шоғырландырғыш
Шығыс қуатымен жабдықтау	әрқайсысына 100 мА (MAX)
Байланыс жылдамдығы	12 мбп (толық), 1,5 мбп (төмен)
USB порты	1 Кіріс порты 2 Шығыс порттары

**МАҢЫЗДЫ:** Осы USB ағытпалары бейне камера, сканер т. б. сияқты қуаттылығы жоғары USB құрылғыларымен бірге пайдалануға арналмаған. LGE қуаттылығы жоғары құрылғыларды тікелей компьютерге жалғауға кеңес береді.

Digitally yours ■■■■....

